



## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 14 қыркүйектегі N 1207 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 2 тамыз N 862

"2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Z010273\_ Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасында ЖҚТБ-ның індетіне қарсы іс-әрекет жөніндегі 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 14 қыркүйектегі N 1207 P011207\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 32, 424-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында ЖҚТБ-ның

індетіне қарсы іс-әрекет жөніндегі 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламада:

"Паспорт" деген 1-бөлімінің "Қаржыландыру көздері мен көлемі" деген жолының бірінші абзацындағы "12,291" деген сан "5,4" деген санмен ауыстырылсын;

"Қаржыландырудың қажетті ресурстары және көздері" деген 6-бөлімінің екінші абзацындағы "Республикалық бюджет" деген жолында "12,291" деген сан "5,4" деген санмен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ